



4 шілде, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi_kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ БЕРІЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады.

Мемлекет басшысына өткен жартыжылдықта сот жүйесінің атқарған жұмысының қорытындылары туралы мәлімет берілді.

Асламбек Мерғалиев қылмыстық процестегі тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатын жүзеге асыруға, қамауға алудың баламалы жолы ретінде бұлтартпау шараларын қолдану аясын кеңейтуге, сот ісін жүргізуді бюрократиядан арылтуға, біріндендіруге және оның ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған заңнамалық бастамалар туралы айтты.

Сонымен қатар Президентке ювеналды соттардың құзыретін кеңейту және сот актісінің күші жойылған кезде істі бірінші сатыдағы сотқа қайтармай, апелляцияның тиісті шешім қабылдауы туралы процессуалдық нормаларды дұрыс қолдану жөнінде баяндалды. Бұл жаңа нормалар қағазбастылықты, судьяның қателік жіберу жағдайларын азайтып, азаматтардың бұзылған құқығын тез арада қалпына келтіруге оң септігін тигізуге тиіс.

Мемлекет басшысы адам құқықтарының сотта қорғалуын қамтамасыз ету қажеттігіне және әділ сот жүйесіне сенімді арттыратын негізгі фактор ретінде соттардың тәуелсіздігіне айрықша назар аударды.

ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады.

Мемлекет басшысына Ұлттық банктің биылғы бірінші жартыжылдықта жүзеге асырған ақша-кредит саясатының алдын ала қорытындылары жөнінде есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әлемдегі және Қазақстандағы экономикалық ахуал, инфляция факторлары мен оны төмендету үшін қабылданып жатқан шаралар, төлем балансының динамикасы, сондай-ақ БЖЗҚ, Ұлттық қор активтері мен алтын-валюта резервтерінің жай-күйі туралы баяндалды.

Ғалымжан Пірматовтың айтуынша, Ұлттық банк қабылдаған шаралардың нәтижесінде инфляция бәсеңдеп келеді және банк болжамына сай қалыптасып отыр.

Сонымен қатар Президентке Ашық банкинг тұжырымдамасын қолданысқа енгізу және төлем нарығын реттеу мәселелері жөнінде мәлімет берілді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ақша-кредит саясатын тиімді іске асыруға бағытталған міндеттер жүктеді.

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕСІ МЕН ЖОСПАРЫ

Мемлекет басшысы University Medical Center корпоративтік қорының басқарма төрағасы Юрий Пяны қабылдады.

Президентке University Medical Center корпоративтік қоры қызметінің нәтижесі мен алдағы жоспары туралы баяндалды.

Мемлекет басшысына мекеме негізінде алғашқы Интеграцияланған академиялық медициналық орталық құру арқылы UMC-ді трансформациялау барысы туралы мәлімет берілді. Негізгі мақсат – білім беру, зерттеу ісін және клиникалық тәжірибені тоғыстыра отырып, медициналық қызмет сапасын жақсарту.

Юрий Пя Қасым-Жомарт Тоқаевқа заман талабына сай дәрігерлерді даярлау үшін Қордың жүзеге асырып жатқан шаралары туралы айтты. Сондай-ақ еліміздегі медициналық білім беру ісін жетілдіру перспективалары туралы көзқарасын жеткізді.

Кездесу барысында отандық денсаулық сақтау жүйесінің түйткілді мәселелері, соның ішінде қолданыстағы инфрақұрылымды тиімді пайдалану және Қазақстанда медициналық көмек көрсету сапасын арттыру шаралары талқыланды.

ӨРКЕН

ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛҒАН ҚОС ҒИМАРАТ БІРІ – БІЛІМНІҢ БАСТАУЫ, БІРІ – ЖОЛАУШЫ ЖАЙЛЫЛЫҒЫ ҮШІН



Кеше Қызылорда қаласының сол жағалауында маңызды екі нысанның құрылысы басталды. Күн сайын көркейіп келе жатқан шаһарда жаңадан физика-математика бағытындағы мектеп-интернат пен автовокзал бой көтермек. Бірі келешек ұрпақтың біліміне бастау болса, екіншісі жолы түскенің жайлылығына кепіл болатыны даусыз.

СБ Мадияр Төлеу, «Сыр бойы»

Кейінгі жылдары өңірімізде білім саласына ерекше ден қойылғаны белгілі. Саланы жан-жақты дамыту – басты мақсаттың бірі. Осылайша тағы бір білім ошағының іргетасы қаланып, заманауи мектеп-интернаттың құрылысы басталды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жерлерінін заманауи үлгідегі жаңа білім ордасының ірге көтеруімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауында «Орта білімнің сапасы – табысты

ұлт болудың маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс» деген болатын. Президент қазіргі цифрландыру, индустрияландыру заманында IT саласына деген сұраныс пен техникалық ғылымдардың маңыздылығын ескере келе, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерге басымдық беруді тапсырды. Бұл ретте ел дамуына өзіндік үлес қосатын мамандарды оқыту, IT саласына жаңа леп екелетін бағыттарды дамыту – біздің ортақ міндетіміз!

Бүгін – Сыр жұртшылығы үшін айрықша қуанышты күн. Құны 8 млрд теңгені құрайтын жаңа мектеп оқушыларға сапалы білім беруге мүмкіндік жасайтын барлық заманауи жабдықтармен жараталады. Мектеп құрылысы келесі жылы аяқталып, оқушылар мен ұстаздар игілігіне беріледі. Шын мәнінде баланың игілігінен артық құндылық жоқ. Ал өмірде өшпейтін із – балаға берген білім мен мейірім болса керек. Балаларымыздың болашағы зор болсын! – деді аймақ басшысы.

Өткен жылдың желтоқсан айында Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапары кезінде Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаттың құрылысын бастауға қолдау білдірген болатын. Осы тізімге Ә.Мүслімов атындағы №101 және Абай атындағы №2 мектептерге қосымша құрылыс салу, «Бәйтерек» тұрғын ауданынан 600 орындық және Шпелі ауданы Байсын ауылынан 250 орындық мектеп құрылысын аяқтау енгізілді. Мердігер мекеме «Промстройсервис Е» құрылыс компаниясы мектеп ғимаратын келер жылы аяқтап, пайдалануға береді деп жоспарлануда.

Бұдан соң аймақ басшысы жаңа автовокзал ғимаратының іргетасын қалау рәсіміне қатысып, жұртшылықты нысан құрылысының басталуымен құттықтады.

– Ел Президенті мен Үкіметтің жан-жақты қолдауының арқасында аймақта тың жобалар өркен жайып, жаңа нысандар салынууда. Оның ішінде көлік инфрақұрылымын да-

мыту бойынша да ауқымды жоспарымыз бар. Біз өткен жылдан бері аймағымыздың негізгі қақпасы саналатын әуежай, теміржол вокзалы, автовокзал инфрақұрылымын дамытуға басымдық бердік. Соның нәтижесінде әуежай алаңы жаңарып, жаңа автовокзалдың құрылысы басталуда. Осы жылдың наурыз айында ел ағаларымен бірге жерлесіміз Болат Өтемұратовтың қолдауымен құны 15 млрд теңге болатын «Қорқыт Ата» әуежайы жаңа терминальның іргетасын қаладық. Бүгінде терминал құрылысы қарқынды жүруде. 2024 жылдың мамыр айында ел игілігіне табыстаймыз.

Енді жолаушылар мен тасымалдаушыларға қызмет көрсететін, барлық стандарт талаптарына сәйкестендірілген заманауи үлгідегі жаңа автовокзал ғимаратының іргетасы қаланбақ. Бұл кешен жолаушыларға қызмет етіп, жол қатынасының реттелуіне негіз болады. Мұнда тек автовокзал ғана емес, ірі сауда және қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету орындары, қоймалар, автокөлік жөндеу цехтары да жұмыс істейді. Бәрі де жолаушыларға қолайлы, қауіпсіз әрі ыңғайлы болады, – деді облыс әкімі.

Аймақта жолаушылар тасымалының сапасы жылдан-жылға артууда. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күре жолы қайта жаңғыртылып, аймақ экономикасының өркендеуіне оң ықпал етті. Көлік инфрақұрылымына деген сұраныс артқанын ескеріп, облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметін жақсарту үшін өткен жылы заманауи 150 жаңа автобус сатып алынды. Биыл да қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу мақсатында қосымша 150 автобус әкелінбек. Бұның бәрі де – халық игілігі үшін жасалып жатқан істер.



КҮЙ КЕШІ

Аймағымызда Ұлттық домбыра күні аясында ұйымдастырылған шаралар Тұңғыш Президент саябағында жалғасты. «Күмбірге, қоңыр домбыра!» атты гала-концерт қызылордалықтар мен қала қонақтарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Рухани шараға облыс әкімінің орынбасары Балмейір Сансызбайұлы қатысты.

ДАЛАМЫЗДЫҢ ҮНІСІҢ СЕН, ДОМБЫРА!



Осы салтанатты шарадан бұрын Қызылордада Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына арналған «Күй мен күйші» атты халық аспаптар оркестрінің күйші-концертмейстерлерінің республикалық фестивалі өткен еді.

– Қасиетті қара домбыраның тарихы тым тереңде. Бірнеше мың жылдан бері көшпелі халықтың рухани серігі болған бұл музыкалық аспаптың пернесінен төгілген күйде қазақтың бекзат болмысы мен асыл қасиеттері, қуанышы мен мұңы жатыр. Байыптап тыңдасақ, киелі қос ішекті аспаптың қоңыр үнінен көшпелі елдің килы шежіресі мен бабалардың биік парасатын аңғарамыз. Бүгінде жеткен әрбір күйде халқымыздың жүріп өткен жолы, көне тарихы, мен бай салт-дәстүрі көрініс береді. Қазақты қасиетті домбырасыз елестете алмаймыз, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Иә, өткен тарихымызды домбырасыз елестету қиын. Сыр сұлейі атанған жыраулардың мақамы осы киелі аспап арқылы бүгінге жетіп отыр. Мұнан бөлек, Мырза, Жалдыбай, Әлшекей, Құрақтың Досжаны сынды қаншама талантты композитор-күйшілердің шығармалары хас шеберлердің орындауында нотаға түсірілді. Көрнекті ақын Қадыр Мырза-Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра»

деген жыр жолдары бұл күні қанатты сөзге айналып, халық жүрегінен орын алды.

Кейінгі жылдары шілденің алғашқы жексенбісі – Ұлттық домбыра күні деп белгіленіп, еліміздегі мерекелер қатарында кең ауқымда тойланып келеді. Қуаныштысы, жыл өткен сайын домбыра үйренем деушілер қатары артууда. Орта мектептерде, қосымша білім беру мекемелерінде арнайы үйірмелер ашылып, жұмыс істейді. Нақты кезеңде облыста 225 домбыра үйірмесі бар. Шын мәнінде, бұл қуанарлық жағдай. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде, Қазанғап атындағы музыкалық және М.Мөметова атындағы педагогикалық жоғары колледждерде кәсіби білім алып жатқан жастарымыз қаншама?! Сыр өңірінің таланты күйші-домбырашылары бәсі биік бәйгелерде өнер көрсетіп, олжамен оралып жүр.

Мерекелік кеште «Адай», «Сарыарқа», «Қара жорға» секілді тандаулы шығармалар орындалып, қалың көрерменге рухани азық, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Қасиетті қара домбыраның тұғыры биік болсын деп тілейміз.

Бұл Сыр аспанында күй қалықтаған кеш болды.

«СБ» ақпарат

ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

4 КҮНДІК ЖҰМЫС АПТАСЫ: ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ? ТИІМДІЛІГІ ҚАНДАЙ?



Сурет ашық дереккөзден алынды

Қазақстанның Еңбек кодексіне енген өзгерістің бірі – 4 күндік жұмыс аптасы. Бұл режимге мекемелер ресми түрде шілдеде көшкенімен, барлық салаға қатысты емес. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс берушілер 4, 5, 6 күндік еңбек тәртібін апта сайын алмастыра алатынын айтады. Демек, қазақстандықтардың жұмыс сағаттары қысқармайды. Бір жетіде 3 күн демалса, келесінде соның орнын толтырмақ.

СБ Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Жыл сайын әлем бойынша «ең бақытты» мемлекеттер рейтингі жарияланып тұрады. Елдер халық саулығы, еркіндік деңгейі, әлеуметтік қолдау, табысы мен жомарттығы сияқты бағыттар бойынша бағаланады. Алғашқы 3 орынды үнемі Еуропа елдері алады. Былтыр Финляндия үнемі бастаған. Ал Батыс елдерінің басым бөлігінде 4 күндік жұмыс аптасы енгізілгенін ескерсек, бақытты болуы да содан шығар? Сонымен, өзге жұрт мұндай тәжірибені не үшін енгізген? Қалай жүзеге асып жатыр? Аптасына 5-6 күн жұмыс істегеннен гөрі 3 күн жақсылап демалған неге тиімді?

Әлемде 4 күндік жұмыс аптасына көптеген елдер әлдеқашан көшіп үлгерген. Мәселен, Ұлыбритания мен Жапониядағы бірқатар қасиеттері осы кестемен жұмыс істеген соң табысы 40 пайызға дейін өскен. Онымен қоса жарық пен жылудың бағасы үнемделген. Бель-

гия еңбек нарығына реформа енгізіп, жарты жыл бұрын ғана 4 күндік жұмыс аптасына өткен. Бірақ біздегідей 40 сағат еңбек етуі қажет. Бұл елде мектептер мен балабақшада жұмыс істейтін ұстаздар, тәрбиешілер аптасына 3 күн демалады екен. Олардың шығармашылықпен айналысып, өздерін дамытуға қоңіл бөлуіне осындай мүмкіндік жасалған. Алайда бұл жағдай ата-аналарға қиындау соғатын көрінеді. Өйткені, қосымша үйірмеге баратын балаларын тасымалдауда мәселе туындайды. Ал Америкадағы көптеген компаниялар пандемиядан кейін он-лайн жұмысқа көшкен. Қызметкерлер екі күн офиске келіп, қалған күні үйде отырып қызмет етеді. Бұдан бөлек олар жақыны сағатына есептейді.

Еңбек уақыты әдетте сағатпен есептеледі. Ол әр елде әртүрлі. Жыл бойы ең көп жұмыс істейтіндер Мексика, Коста-Рика, Оңтүстік Корея, Ресейде тұрады екен. Бұл тізімге Қазақстанда да қосаға болар. Себебі біздің елде аптасына 5 күн немесе 40 сағат жұмыс істейтіндердің жылдық қызмет уақыты 1 968 сағат. Бір қызығы, Еуропаның ең дамыған мемлекеттері екі қолға бір күректей ең аз алатындардың қатарында. Мәселен, Германияда азаматтар орта есеппен 1 363 сағат, Данияда 1 392 сағат және Норвегияда 1 416 сағат еңбек етеді. Егер неміс еліндегі жалпы жылдық сағатты 49-50 аптаға бөлсек, бұл елдің азаматтары аптасына бар болғаны 26-27 сағат қызметте жүреді. Осыған қарамастан Еуропа экономикасын алға сүйреуші ел саналады.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірге жұмыс сапарымен келген ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов пен Мәжілістегі «AMANAT» партиясының фракция мүшелері Мархабат Жайымбетов және Мұрат Ерғешбаевпен кездесті.

Кездесуде алдағы уақытта облыста атқарылатын жұмыстар талқыланды. Айтпа кетейік, осы уақытқа дейін депутаттар Сырдария ауданының Айдарлы, Амангелді, Қалжан ахун ауылдарында бо-

лып, аудан орталығы Теренөзек кентінде жеке қабылдау өткізді. Бүгін Жалағаш және Қызылорда қаласында болып, сәрсенбі күні Шиелі ауданына барады.



ЕҢБЕК БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ӨНІМДІ ЖҰМЫСЫ

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының өңірлерге сапары басталды. Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Ерғешбаев Сырдария ауданында болып, партияның сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан әлеуметтік нысандарды аралады. Айдарлы елді мекенінде ауыл жастарынан құрылған еңбек бригадасы мүшелерімен кездесті.

Айдарлы жастар еңбек бригадасы 2019 жылы республикада алғашқылардың бірі болып құрылған. Облыс әкімінің қолдауымен аудандағы жастар жұмыссыздығын төмендету мақсатында 7 ауылдық округте (Шіркейлi, Айдарлы, А.Тоқмағанбетов, Аманкелді, Бесарық, Жетікөл, Қоғалыкөл) жастар бригадалары қайта құрылды. Бүгінде еңбек бригадалары қатарында жұмыссыз, НЕЕТ санатындағы, пробация есебінде тұратын 200-ге жуық адам жұмыс жасайды. Ауыл жастары мемлекет тарапынан тегін уақытша жермен, су айдайтын насоспен есебінен жер жыртылып, егін алқабы қоршалған. Жанар-жағармай да жеткілікті. Еңбекқор жастар 35 гектар картоп және 25 гектар жерге бақша дақылдарын екті.

Хан Әзімханов елімізде жастар бригадаларының көп емес екенін айтып, тынайтқыш мәселесін шешіп беруге көмек сұрады. – Жастардың бос уақытта ішімдік, өзге де зиянды әдеттерге бой алдырмай, мемлекет және демеушілер тарапынан көрсетілген көмекті әрі қарай тиімді іске асыруға көңіл қуанып отыр. Болашақта кооператив құрып, партияның «Ауыл аманаты» партиялық жобасы аясында жұмыстарын жетілдіру қажет. Кооператив құрып, егіс көлемін арттырғанда субсидия мәселесі де шешімін табады, – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев.

– Ерте көктемде жұмыссыз жүрген 40 адам Жанақорған ауданы Жайылма ауылдық округінде егін егу тәсілдерін үйренді. Шіркейлi ауылдық округінде құрылыс материалдарын шығаратын «Шіркейлi» жастар бригадасы жұмыс жасайды. Құрамында ауылдық жұмыссыз 30 тұрғыны бар. Олар цемент, өк және т.б құрылысқа қажетті заттарды шығарады, – дейді Сырдария аудандық жастар ресурстық орталығының директоры, аудандық мемлекеттік «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Нұрман Әбдірасылов.

Ал депутат Мархабат Жайымбетов «AMANAT» партиясының «Жер аманаты» партиялық жобасы аясында заңсыз берілген немесе пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекетке қайтарып, оны ауыл шаруашылығы айналымына енгізу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. Жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендету бойынша қолға алынған шараларды атап өтіп, берілген жерді тиімді игеріп, жұмыссыздардың баысын қосқан ауыл жастарының бұл тірлігі көпке үлгі екеніне тоқталды. Өткен жылы жастар бригадаларының бригадирлері облыс және аудан әкімінің Алғыс хаттары, аудан әкімінің «Ынта» қаржылай сыйлығымен марапатталған. Оларды көтермелеуге бағытталған жұмыстар был да өз жалғасын таппақ.

Кездесуде жастар бригадаларының мүшелері халық қалаулыларына ұсыныстарын жеткізді. «Айдарлы» жастар бригадасының мүшесі Өмірзақ Есболатов, «Жетікөл» жастар бригадасының бригадирі Дар-

ӘРІПТЕСТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Еске салсақ, Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінің (СеулТех) филиалына қатысты бастама Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы тапсырмасына орай қолға алынған.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Сеул-Тех университетінің делегациясымен кездесіп, өзара әріптестік мәселелерін талқылады.

Профессор және директор Часу Ким мен оның орынбасары Сунгон Ким бастаған LUPIC жобасының өкiлдерi 9 шiлдеге дейiн Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетiнде зертханаларды орналастырудың кенiсiстiк аспекiтерiн және бизнес-инкубация орталығын (BIC) құруға

қатысты мәселелерді зерттеп, талқылайды.

Еске салсақ, мамыр айында облыс әкімі Н.Нәлібаев Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетінің президенті Ли Донг Хун мырзамен кездесуде оқу орнының филиалын ашуды ұсынған болатын. Аймақ басшысы өңірде осы жобаны табысты іске асыруға жан-жақты қолдау көрсетілетінін, білім алушыларға жыл сайын облыс әкімдігі, сондай-ақ Ғылым және жоғары білім министрлігі гранттар беретінін айтты. Мұнан бөлек, Қызылорда облысының даму бағдарламасының бюджетіне кампус пен технопарк құрылысын енгізу жоспарлануда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті (СеулТех) мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті арасындағы ынтымақтастық аясында «Халықаралық ынтымақтастық бойынша жетекші университеттік жоба» (LUPIC) жүзеге асырылуда. Жоба бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жасанды интеллект мектебі құрылып, жасанды интеллект (AI), киберқауіпсіздік (CS) және информатика (CS) мамандары даярланады.



Қалаға таяу тұрған аудан орталығы – Теренөзек кентіндеміз. Жерден несібе теруге ұмтылған бұл аудан тұрғындарының арасында төрт түлік өсіріп, атакәсіпті жандандырандар жоқ емес. Басты дақыл – күріш өсіруге алдыңғы сапта тұрған ауданда облыстағы ірі серіктестіктер шоғырланған. Былтыр берекеге толы табысты жыл болды. Барлық сала бойынша дамудың оң динамикасы қалыптасып, нәтижелі жұмыс атқарылды. Әсіресе, ауыл шаруашылығы бойынша «Ең үздік аудан» атанып, күріш пен бақша өнімін өндіруге алға шықты.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

АУДАН БЮДЖЕТІ АРТУДА

Былтыр аудандық бюджет 13 млрд теңгені құраған еді. Ал биыл алты айдағы қаржысы 10,7 млрд теңгеге жеткен. Былтырғы бюджеттің 73 пайызы білім саласына бағытталса, биылғы қаржының 23,5 пайызы әлеуметтік сала мен тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық, көлік және коммуникацияны дамытуға бөлінген. Аудан экономикасына тікелей ықпал ететін өнеркәсіп саласында оң динамика бар. Өнеркәсіп өндірісі 6,1 есеге ұлғайса, ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы өнім көлемі 1,5 пайызға өсіпті. Инвестиция 2,2, құрылыс жұмыстарының көлемі 3,1 есеге, тұрғын үй тұрғызу 36,9 пайызға артқан.

БАПТАЙ БІЛСЕҢ, ЖЕР ЖОМАРТ

Былтыр облыста ауыл шаруашылығы саласы бойынша үздік атанып, көш бастаған Сырдария ауданы биыл 35692 гектар жерге егін екті. Басты дақыл күріш – 23500 гектар. Сондай-ақ қалған 12192 гектарға жаздық бидай, жүгері, жоңышқа мен мақсары, картоп, көкөніс, бақша дақылдары егілген. Бұларға әдеттегідей шаруашылық құрылымдарындағы ақ егісті де қосамыз. Қазір ауданда Сыр салысы толық сөбіліп, суға бастырылған.

Өткен жылы барлық ауданда да су тапшылығы шаруаларға қиындық туғызды. Осыған байланысты ауқымды жұмыс атқарылуда. Былтыр Сырдария ауданында бюджеттен 198 млн теңге бөлініп, алты каналдың 56 шақырымнан астамы тазартылған еді. Қосымша 19 су насосы алынды. Соның нәтижесі болар, диқандар жоғары өнім жинады.

Биыл да бұл жұмыстар тоқтаған жоқ. Екі каналды тазартуға және 4 су насосын алуға облыстық бюджеттен қаржы бөлінген. Қазір Теренөзек кентіне екі электрлі, А.Тоқмағанбетов ауылдық округіне екі дизельді насос қондырғысы жеткізілді.

Осыдан төрт жыл бұрын Сыр-



СЫРДАРИЯ: СЕРПІНДІ ЖОБАЛАР ДАМУҒА СЕП



ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК ШИРАП КЕЛЕДІ

Сырдарияда 3378 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген болса, оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны – 3247, яғни, 96,1 пайызды құрайды. Жыл басынан бері осы салада мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар арқылы құны 1,2 млрд теңгені құрайтын 133 жобаға қаржылай қолдау көрсетілген, 36 адам қайтарымсыз грант ұтыпты. Сондай-ақ «ҚазАгроКаржы» АҚ Қызылорда филиалы арқылы 520,5 млн теңгеге 15 ауылшаруашылық техникасы және құрал-жабдықтар алынған.

Айта кету керек, бағдарламалар катарында «Микробизнес-Қызылорда», «Кен дала», «Агробизнес», «Іскер» және «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бар.

Ал жыл соңына дейін құны 1,9 млрд теңгені құрайтын 10 инвестициялық жобаны жүзеге асыру бойынша жұмыс басталды. Жеңілдетілген не-

сие алу үшін 2,7 млрд теңге болатын 395 жобаның құжаттары қаржы ұйымдарының қарауына ұсынылған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес ауылдық жерлердегі халық табысын арттыру үшін «Ауыл аманаты» бағдарламасы іске қосылған еді. Аталған бағдарлама бойынша ақпараттандыру жұмыстары жүйелі жүргізіліп, құны 2,3 млрд теңгені құрайтын 346 жоба дайындалыпты.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ИГІЛІГІ

Сырдарияда құрылыс және коммуналдық сала бойынша қарқынды жұмыс бар. Биыл мұнда 7,3 млрд теңгеге 58 жоба жүзеге асырылатын болады. Негізгі жұмыстарға тоқталсақ, Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 80 тұрғын үй сатып алу жоспарланса, қазір 50 тұрғын үйге 480 млн теңге бөлініп отыр.

Бірінші кезекте халыққа қажетті құрылыстарға басымдық беру ке-

рек. Мұнда 34 жобаға 1 млрд теңге бөлініп, 27,6 шақырым жолға асфальт жабындылары төселіп жатыр. Нақтырақ айтсақ, «Ауыл – ел бесігі» жобасы арқылы 488,7 млн теңгеге 12, облыстық бюджеттен 335,2 млн теңгеге 19 және келер жылға өтпелі 206,1 млн теңгеге 3 жобаның жұмысы басталған.

Жол салу ісіндегі ерекше жаңалықтың бірі – Айдарлы, Жетікөл, Аманкелді ауылдарын қосатын «Қызылорда-Айдарлы-Тартоғай» автожолы 1,4 млрд теңгеге, «Шымкент-Самара-Теренөзек» трассасы 687 млн теңгеге жөнделуде.

Ауданда ауысу, электрмен қамту, газға қатысты жобаларға басымдық берілген. Атап айтсақ, республикалық және облыстық бюджет есебінен берілген 1,6 млрд теңге қаржыға Айдарлы, Аманкелді, Жетікөл, Қоғалыкөл елді мекендерінің электр бағаналары мен желілері және электр тоғын тарату трансформаторлары түгелдей ауыстырылады. Демеушілер есебінен Қалжан ахун, Шаған елді мекендерін электрмен жабдықтауға жоба-сметалық құжат әзірленіп, тиісті басқармаға өтінім ұсынылып, қазір Шаған ауылына облыстық бюджеттен 150 млн теңге бөлінген. Ал А.Тоқмағанбетов, С.Сейфуллин елді мекені мен Теренөзек кентін электрмен жабдықтауға жоба-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр.

Биыл Шаған және Қоғалыкөл ауылының ауысу құбырларын жанартуға 246 млн теңге қаржы бөлінді. Сондай-ақ 725,5 млн теңгеге 4 елді мекеннің 22,5 көшесіндегі ауысу құбыры құрылысына жоба-сметалық құжат әзірленіп, тиісті басқармаға бюджеттік өтінім берілген.

Маңызды жұмыстың бірі – газдандыру. Бүгінде Теренөзек кенті

«көгілдір отынмен» толық қамтылса, ауылдық округтерде бұл жұмыс кезек-кезеңімен жүргізілмек. Қалжан ахун, С.Сейфуллин, А.Тоқмағанбетов және Шаған ауылдарын газдандыруға 2023-2025 жылдарға республикалық бюджеттен қаржыландыруға 3,9 млрд теңгеге бюджеттік өтінім ұсынылған. Биыл Қалжан ахун ауылына газ тарту үшін республикалық бюджеттен 298 млн теңге қаржы бөлінді. Ал С.Сейфуллин және А.Тоқмағанбетов ауылында осы жобаны бастауға облыстық бюджеттен 40 млн теңге қаралыпты. Сондай-ақ, Н.Лиясов, Ақжарма елді мекені «көгілдір отынмен» қамту үшін демеушілер есебінен жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан өтті.

ХАЛЫҚА ҚАЖЕТІ – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Мемлекет болашағы балаларға берілген сапалы біліммен байланысты. Сырдария ауданында 53 білім беру ұйымы жұмыс істесе, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағытта 5 инновациялық мектеп-лицей бар. Аз қамтылған отбасылардың, 1-4 сыныптың оқушыларына бір мезгіл ыстық тамақ беріледі.

Ауданда 110 төсектік аурухана, ауысымына 250 адам қабылдайтын емхана, 10 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік және бір медициналық бекет халыққа қызмет көрсетеді. Биыл облыстық бюджеттен 182 млн теңгеден астам қаржы бөлініп, Іңкардияра, А.Тоқмағанбетов пен Қалжан ахун ауылындағы фельдшерлік-акушерлік бекет күрделі жөнделуден өтуде. Сонымен қатар, республикалық бюджеттен 405 млн теңгеге Н.Лиясов ауылында амбулатория құрылысы жүргізілмек.

Сырдарияда кейінгі жылдары спортты дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. 134 спорттық нысан, 541 секция жұмыс істеп, халықтың 38 пайызы жүйелі түрде спортпен айналысады. Өңірдегі спорт инфрақұрылымын дамыту бойынша Теренөзек кентіндегі спорт клубы күрделі жөнделуден өтіп жатыр. Бұған облыстық қазынадан 88 млн теңге қаралған. Ал көпшілікке белгілі Бесарық ауылындағы спорт кешенінің құрылысы қыркүйек айында аяқталмақ. Сондай-ақ спорттан бөлек, аудандың мәдениет саласында тиісті шаралар атқарылып келеді. Жалпы ауданда халыққа қызмет көрсететін 16 клуб, 17 кітапхана және 1 мәдени-демалыс кешені мен аэроклуб бар.

Сырдария ауданы

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

КӘСІПКЕРЛІККЕ БЕТБҰРЫСТЫҢ БЕРЕРІ КӨП

Қармақшы ауданында кәсіпкерлік қарқын алып келеді. Жергілікті тұрғындар көктем келісімен кетпен-күрегің сайлап, дала төсін дүбірге бөлеуді дәстүрге айналдырған.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

АУЫЛДАҒЫ АЛМАБАҚ

Біз аялдаған алғашқы нысан – Дүр Оңғар ауылындағы алмабақ. Биыл сәуір айында егілген жеміс талдары аз уақыт ішінде бой көтеріп, топырағына тамыр жайып үлгерген.

Айта кетейік, Дүр Оңғар – облыс көлеміндегі іргелі шаруашылықтардың бірі.

– Алма бағы негізінен көп күтімді талап етеді. Жерді атыздап, суарып, тұзын астына қарай жібердік.

ТОМОГРАФИЯ ҚЫЗМЕТІ

Кентке кіреберіс аумақта аудандық ауруханаға аялдадық. Мұнда жақында ашылған

компьютерлік томография кабинеті жұмыс істеуде.

– Бөлім күніне жиырма науқасқа дейін қабылдауға қауқарлы. Германиядан шығарылған аппараттың сапасы жоғары.

Бұл аудан медицинасындағы кейінгі жылдардағы ең үлкен жаңалықтың бірі болып отыр.

Аудан әкімі Жандос Еркінбектің қолдауымен мемлекеттік тапсырыс шеңберінде «Жастар бастамаларын қолдау» әлеуметтік жобасы іске асырылды.

ЖАҢА ӨНДІРІС ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Ауданда ілгеріден келе жатқан іргелі шаруашылық – «АНК-Дәулет» ЖШС. Мердігер мекеме

газоблок өнімін шығарады. Биыл жана шағын зауыт құрылысын қолға алып отыр. Жоба құны 200 млн теңге.

Төретам кентіндегі «ALI KIDS PARK» ойын-сауық алаңы балалардың ең көп баратын жері десек, артық айтқандық емес.

Біз барған сәтте балалар арқарша асыр салып ойнап жүр. Солардың бірін сөзге тартып, пікірін білген едік.

– Мен мұнда үнемі келіп тұрамын. Қасымда достарым бар. Әкем мен анам өздері өкеліп, алып кетеді.

Міне, осылайша атқарылған істер ауанын көріп қайттық. Елге болсын деген ерлердің ісі берекелі болғай деген көңілде тілектестік тұрды.

«ҚАЗТРАНСГАЗ АЙМАҚ» АҚ ҚЫЗЫЛОРДА ӨНДІРІСТІК ФИЛИАЛЫНЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы ҚР Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №32-1-32/4290 хаты негізінде «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ тұтынушылары үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағалары 2023 жылдың 01 шілдесінен бастап 1000 м³ үшін төмендегіні құрайды:

Table with 5 columns: №, Атауы, Өлшем бірлігі, Баға КҚС-сыз, Баға КҚС-мен. Contains pricing data for gas consumers in Qyzylorda region.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТҰРМЫСТЫҚ ГАЗ ЕСЕПТЕГІШТЕРІН ПАЙДАЛАНАТЫН ТҰТЫНУШЫЛАРДАН КАРТОЧАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ГАЗ БАҒАЛАРЫН ӨЗГЕРТУ ҮШІН АБОНЕНТТІК УЧАСКЕЛЕРГЕ ЖҮГІНУЛЕРІҢІЗДІ СУРАЙМЫЗ.

Сурақтар туындаған жағдайда төмендегі телефондарға хабарласуға болады: 8(7242) 55-17-45 Бейбарыс Сұлтан көшесі №1, Әкімшілік кеңсе, Инстаграм парақшасы @kaztransgas_kyzylorda

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ өкілшілігі.

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

4 КҮНДІК ЖҰМЫС АПТАСЫ: ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ? ТИІМДІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Жалпы, тиімділікті арттыруға бағытталған инновациялар аз емес. Мысалы, Германияның «Rheingans Digital Enabler» компаниясы қызметкерлеріне 5 күнде 5 сағат маңдай терін төгуге рұқсат берген.

Швецияда осы кестемен жұмыс істейді. Бұл ұсынысым қабылданды. Бірақ нормативтері өзгерген секілді. Менің берген ұсынысыма басқаша-туғын.

күндік немесе алты күндік жұмыс аптасымен кезектесу құқығымен төрт күндік жұмыс аптасын белгілеуге жол беріледі» деген екінші бөлікпен толықтырылды.

ЖАҢА ТӨРТТОМДЫҚПЕН ТОЛЫҚТЫ



«Абай жолы» – қазақ әдебиетіндегі тұңғыш роман-эпопея, қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды.

Қалай десек те, 4 күндік жұмыс аптасының қаншалықты тиімді немесе тиімсіз тұсын өмірдің өзі дәлелдеп беретіні анық. Оған төреші – уақыт.

2023 ЖЫЛҒЫ 3-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ЖӘНЕ ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҒЫ ӨКІЛДЕРІ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 6 columns: Мемлекеттік органның атауы, Жеке қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә, Лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефоны.

Ескертпе: Алыс қалалардан, аудандардан келген азаматтар күнделікті сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін қабылданады.

Қызылорда облысының Әділет департаментінің сенім телефоны 8 /7242/ 23-10-09

Корқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы Ғылыми кітапхана директоры Гүлмира Сәтбаеваға анасы Фарида Әбжанқызының дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Advertisement for 'Жарнама. Жарнама. Жарнама' featuring a person with a megaphone and contact information for 'Сыр бойы'.



Қызылорда облысының құрылғанына

85 ЖЫЛ

РЕЗВАКУАЦИЯ: ЖҮРЕКЖАРДЫ ЛЕБІЗДЕР

Неміс фашистері кейін шегіне бастаған кезде эвакуацияланған жоғары оқу орындары өз жерлеріне қайта көше бастады...

«Харьков университетінің» ғалымдары қызылордалықтар көрсеткен қыруар көмекті ешуақытта ұмыта алмайды...


Соғыстың әбден белең алған кездерінде Қызылорда қаласына келіп, қызметтерін жалғастырған институт оқытушылары мен студенттері қазақ ұлтына деген оң көзқараспен, ыстық ықыласты игі тілекпен туған жеріне аттанды.

Тағдыр табыстырған ондаған ұлттың ордасы болған Сыр өңірі тұрғындары талай-талай тартысты кезеңдерді бастан өткізді. Езіле жүріп еңсесін тіктеуге ұмтылды. Аштықты да, аласапыранды да бастан өткізді. Сондықтан да олар өз жерлерінен еріксіз көшірілген бауырларына жан-жақты жағдай жасады...

Облыстық архив қорынан



КСРО мен Польша республикасы арасындағы келісім негізінде поляк азаматтарын реэвакуациялау, 1946 жыл



ПРЕМЬЕРА

"ҮН АЙБАРЫҢ НАМЫСЫМДЫ ЖАНЫҒАН"

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры кезекті жаңа қойылымын көрерменге ұсынды. Бұл жолы Оңталап Нұрмахановтың «Көрұғлы» руханамасының премьерасы сахналанды.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»



«...Қос арыстан құдіретім! Келдім бе дейсіңдер ме? Келдім... Ақалай ана жан мүрдесін қорыған Үн айбарың намысымды жаныған. Көрұғлым!»

сері, Мәдениет қайраткері Оңталап Нұрмаханов, қойылым декорациясының көркемдік шешімін қойған «Алатау» дәстүрлі өнер театрының суретшісі А.Жүсіпәлі, композиторы Н.Төрәәлі, балетмейстері, мәдениет саласының үздігі Г.Дәулетқұлова.

ТӘРБИЕ ТІНІ

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

Қазақ халқының төл өнері жайлы сөз қозғағанда, ең алдымен домбыра еске түседі. Қос ішекті қара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры терең тарихи мен сан ғасырлық шежіресі бар.

Адамдардың бөрінің бірдей музыкаға қабілеті бола бермейді, дегенмен музыканы сүйіп тыңдайды. Демек, ол – адамдардың рухани қорегі. Әсіресе, домбыраның үні естілгенде елеңдейтін қазақ жоқ.

№267 орта мектеп жанында көркемдік-эстетикалық балалар орталығы бар. Орталықтың мақсаты – оқушыларға қосымша білім бере отырып, түрлі қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатыстыру, білімін шыңдау, үлкен сахнаға дайындау.

Көркемдік-эстетикалық балалар орталығының биылғы оқу жылында жеткен жетістіктеріне тоқталсақ. Былтыр қазан айында «Атадан мұра»



қорының ұйымдастырумен Түркістан қаласында өткен «Ұлы дала ұрпағы» V республикалық байқауында «Әл-қисса» домбырашылар ансамблі бас жүлдені иеленіп, суперфиналға жолдама алды.

Қызылорда қаласында «Жеті өнер» шығармашылық орталығының ұйымдастырумен «Қазақстан үміті» VI республикалық байқауында дәстүрлі ән, ансамбльмен ән салу өнері бойынша Ханзада Сырым бас жүлде иеленді.

өз биігінде көрерменге ұсынылды. Рөлді ойнаған жігітім де бар өнерін салды. Қызығы сол, премьеры болардан екі күн бұрын бас кейіпкер Сұлтанбек Бисеналиевтің келіншегі босанып, дүниеге қыз бала келді.

Койылымда Бекторыны Гүлмира Берікбай, жырауды Бақытбек Темірбеков, Ақалайды Ақтолық Төлеуова, бала Көрұғлыны Ералы Жақсығұлов, Қайып ерелді Ұғым Баймаханов, Шағдат ханды Канат Архабаев, Пірманды Бауыржан Ошақбаев, өзүрді Данияр Сабыров, Раушанбекті Арай Көшімбаев, Райханды Бағырхан Амангелдиев, баланы Төлеген Өмірзақ сәтті сомдап шықты.

Аңғарғанымыз, Көрұғлының есіміне қатысты қазақ және түрік нұсқаларында «көр» сөзі түрік тілінде «загіп», «соқыр» мағынасын берсе, қазақ тілінде түрік тіліндегідей загіп мағынасымен бірге, «мазар» дегенді де береді. Тегінде қазақ нұсқаларында Көрұғлыны мазарда туған тұрпаттында қолданады, яғни түрік тілінде «көр» мағынасын берсе, қазақ тілінде Көрұғлы «мазардың баласы» мағынасын береді.

Спектакль соңындағы өнер иелеріне деген көрерменнің ыстық ықыласы мен ризыс құшеметі қойылым деңгейінен үн қатады. Бұл – Сыр сахнагерлерінің кезекті мауелі жемісі. Осылайша қайта тірілген Көрұғлы көрермен көзайымына айналды.

ТАҒЫМ

КЕЙДЕНДІКТЕР ПЕРЗЕНТІН ҰЛЫҚТАДЫ

Жаңақорған ауданының Кейден аулынан өнер зерттеушісі, этнограф, ақын Сейсен Мұқтарұлының атына көше берілді.



Көшенің ашылуында ауылдық округ әкімі С.Кенжебаев сөз сөйлеп, туған жер перзентін есте қалдыру шарасының ұрпаққа үлгі екенін айтты. Сонымен бірге ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы О.Әбжанов, еңбек ардагерлері П.Мұзаратқалиев, Т.Әшімұлы, ақын Ф.Сахиев, ұстаз Б.Тоқтыбаев, ішкі істер саласының ардагері, қаламгерлің иісі О.Мақсұтұлы және туған апасы Қ.Мұқтарқызы, басқа да кісілер сөз алып, тұлғаға құрмет көрсеткен жергілікті билік иелеріне, тағымды істің басында жүрген Ақниет Мұқтаровқа алғыс білдірді.

С.Мұқтарұлы – қазақ әдебиеті тарихына үлкен әріппен жазылған есім. Ол қаламгерлер сирек ат ізін салатын күрделі де қиын тақырыптарды іңдеті зерттеп, сонына іргелі еңбектер қалдырды.

Қазақтың салт-дәстүрін, халқымыздың өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы тағдырын, түркі абызы Қорқыт бабаның тұлғасын, ұлт перзенті Шоқан Уәлихановтың еңбегін

С.Мұқтарұлы секілді зерттеген жазушы некен-саяқ.

Қазақтың қабырғалы қаламгері Ғабит Мүсіреп «Шоқан және өнер» кітабына беташар сөз жазып, бұл кітаптің оқушыға берер тағалымы, тәрбиесі туралы айтса, белгілі әдебиет зерттеушісі, жазушы Қ.Салғарин «Қорқыт ата» дастанын поэзияның биік шыңы деп бағалаған. Осының өзі-ақ С.Мұқтарұлының қазақ әдебиетіндегі дара орнын көрсетеді.

Кезінде жазушының «500 сұраққа жауап», «Күн желкен», «Күм кешкен керуен», «Көмпеске» аталатын кітаптары оқырманның қолдан-қолға тигізбеген көркем дүниелері болды.

Бұл кітаптарды оқу арқылы әрбір жас халқымыздың қахарман бейнесін жақыннан тани түседі. Ғаламтор көзінде отырған кейінгі буын бір сөз С.Мұқтарұлы шығармаларын да қолға ала, сұлулық пен рухқа сусаған жан әлемін байыта түсері сөзсіз.

«СБ» ақпарат

Қызыл жалынның қайдан лап ете қалатынын болжап білу мүмкін емес. Әсіресе кейінгі уақытта өрт дерегі жиі тіркеліп, жапа шеккендер тым көбейіп кетті. Ал құтқарылып, аман-сау қалғандар қаншама? Көк түтін мен қызыл жалын ішінен адамдарды аман алып шығу, ажалдан арашалау бүгінгі батырлардың – өрт сөндіру саласы мамандарының ерлігі десек артық емес. Бүгін де сондай бір дерекке тоқталып өткенді жөн көрдік.

АЖАЛДАН АРАШАЛАП, ӨРТТІ АУЫЗДЫҚТАДЫ

28 маусым күні Қызылорда қаласы №7-өрт сөндіру бөлімінің күшейтілген қауқары кезінде жергілікті уәкілеттен сағат 14:42-де Қызылорда қаласы А.Токмағамбетов көшесі №57 үйде өрт оқиғасы орын алды.

Облыс аумағындағы су айдындарында төтенше жағдайдың алдын алу бағытында үгіт-насихат жұмыстары да жүріп жатыр. Бөлімнің жүргізуші-қызметкері, кіші сержант Ә.Бекет, өрт сөндіруші-құтқарушылар, кіші сержанттар М.Қуантаев пен М.Жеткерген өздеріне бекітілген үгіт-насихат аймағына бет алған кезде А.Токмағамбетов көшесі №57

жанынан өтіп бара жатып дереу көмекке барған.

Өрт сөндірушілер үй ішінен 1963 жылы туған ІІ топ мүдәлегін қауіпсіз жерге шығарып, жедел жәрдем қызметкерлері жетем дегенше алғашқы көмек көрсеткен.

Өрт салдарынан үйге жапсарлас қосылған асхана бөлмесінің төбе жабыны мен шатыры толғамын жанды. Көршілес орналасқан екі қабатты «Сыр камкоры» балабақшасына тараулына жол берілмеді. Өртті сөндіруге 3 техника 15 қызметкер қатысты.

«СБ» ақпарат



Сабила РАХЫМШАЕВА, №267 орта мектептің директоры

Footer containing contact information for Facebook, Twitter, and Instagram, and publication details for the newspaper, including address, phone numbers, and ISSN information.